

XFTAP 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp83-96](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp83-96)

*А.С. Исакова¹, К.Т. Алтайбекова², А.А. Куздыбаева³, К.Н. Шохаева⁴

¹Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, 130000, Қазақстан

²Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Астана, 010000, Қазақстан

³Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан

⁴Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті, Алматы, 050060, Қазақстан

ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ БАС/ ГОЛОВА/ HEAD КОНЦЕПТИСІНІҢ КӨРІНІСІ

Зерттеудің мақсаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі бас, голова және head концептілерінің фразеологиялық бірліктер жүйесінде көрініс табу ерекшеліктерін айқындау. Бұл зерттеу аталған үш тілде бас концептісі арқылы берілетін ой, мағына және бейнелердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдауға бағытталады. Әр тілдің өзіндік мәдени, әлеуметтік және тарихи контекстін ескере отырып, басконцептісінің тілдік бейнелену сипаты қарастырылады. Сондай-ақ әр халықтың дүниетанымы мен өмір салтына байланысты аталмыш концептінің қолданылу ерекшеліктері анықталады. Жалпы алғанда, бұл зерттеу басконцептісінің әр тілдегі көрінісін және оның фразеологизмдер құрамындағы қызметін зерделей отырып, мәдениетаралық байланыстарды, тілдің құрылымдық ерекшеліктерін және сөздің символикалық мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы – тілдер арасындағы мәдени және тілдік ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау арқылы фразеологиялық бірліктердің мағыналық және символикалық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беруінде. Әр тілдің мәдени, дүниетанымдық және әлеуметтік құрылымына сүйене отырып, бас/голова/head концептісінің қалыптасу ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда талдау тілдер арасындағы концептуалдық өзгешеліктерді анықтаудың жаңа әдістемелік көзқарасын ұсынады. Аталған концептілердің түрлі фразеологизмдерде қолданылу сипатын сараптау адамзаттың дүниетанымдық жүйесін, әлемді қабылдау және түсіну тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерге салыстырмалы талдау жүргізу арқылы тілдер арасындағы концептуалдық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, сондай-ақ әр халықтың мәдени және когнитивтік ерекшеліктерін терең зерделеуге бағытталғанында көрінеді.

Кілт сөздер: фразеологизм, концепт, салғастырмалы лингвистика, бас, голова, head концептісі, лингвомәдениеттану.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап фразеологияның салыстырмалы-салғастырмалы бағыты тіл білімінде кеңінен танылып, дербес зерттеу саласы ретінде қалыптаса бастады. Бұл бағыттағы зерттеулер арқылы түрлі тілдердің фразеологиялық жүйесіндегі ерекшеліктер айқындалып, лингвистикалық талдаудың жаңа қырлары ашылды. Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу тәсілі фразеологизмдердің әр ұлттың тілдік және дүниетанымдық кеңістігіне сәйкес қалыптасу заңдылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол фразеологиялық бірліктердің мағынасы мен құрылымын өзара салыстыра талдауға, олардың ұлттық-мәдени табиғатын тереңірек түсінуге жол ашады.

Дүние жүзіндегі көптеген тілдердің фразеологиялық жүйесінде мағынасы мен бейнелілігі ұқсас тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Мұндай фразеологизмдердің қалыптасуы

эртүрлі мәдени, әлеуметтік және табиғи факторлармен тығыз байланысты, әрі олардың әр тілде өзіндік мән-мағынасы мен қолданыс аясы бар. Фразеологиялық ұқсастықтардың болуы адамзаттың ортақ өмірлік тәжірибесімен, ұқсас тұрмыс жағдайларымен және тарихи даму кезеңдерін бастан өткеруімен түсіндіріледі. Мысалы, табиғат құбылыстары, адамдардың күнделікті іс-әрекеттері мен өмірлік тәжірибелері түрлі тілдерде мағыналас фразеологизмдердің пайда болуына негіз болады. Сондай-ақ, әр халықтың мәдениеті мен ұлттық дәстүріне байланысты тек өзіне ғана тән фразеологиялық бірліктер қалыптасады. Мұндай фразеологизмдер белгілі бір этностың дүниетанымын, рухани құндылықтарын, мінез-құлық ерекшеліктерін, тіпті юморлық көзқарасын да айқын бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, салыстырмалы фразеологиялық зерттеу түрлі тілдер мен мәдениеттер арасындағы байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Демек, фразеологизмдер тек тілдің ішкі құрылымдық элементі ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік және мәдени контекстін де ашып көрсететін күрделі тілдік құбылыс болып табылады.

Кез келген халықтың мәдениеті, психологиясы мен тұрмыс-салтына, табиғи ортасына байланысты өзіндік мазмұны мен құрылымы бар фразеологизмдер пайда болады. Мысалы, көшпелі тұрмыс, кең даладағы еркіндікке, мал шаруашылығымен тығыз байланысты туындаған қазақ халқының болмысына сәйкес фразеологизмдер мен қалалық отырықшы мәдениетке негізделген орыс немесе ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер арасында айырмашылықтар болуы мүмкін. Салыстырмалы зерттеудің әдістері тілдердің аталған ерекшеліктерін қарастырады. Салыстырмалы зерттеу әдістері 3 топқа бөлінеді:

1. Лексикографиялық әдіс. Эртүрлі тілдегі фразеологизмдерді салыстырып, олардың сөздік мағынасын, құрылымын және қолданылуын талдау.
2. Кросс-мәдени зерттеу. Фразеологизмдер арқылы эртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін, әлеуметтік құндылықтарын және дүниетанымын зерттеу.
3. Семантикалық талдау. Фразеологизмдердің мағыналық құрылымын талдап, олардың тілдердегі ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау.

Фразеологизмдерді зерттеуге үлес қосқан отандық Кеңесбаев І., Смағұлова Г., Қалиев Ғ., Копыленко М.М., Болғанбаев Ә., Исабеков С.Е., Дуйсекова К.К., Қожахметова Х., Сагинтаева А.К. сынды ғалымдарды атауға болады.

КІРІСПЕ

Қазақ тілінде «бас» ұғымы лексикалық, фразеологиялық, символикалық, когнитивтік және этномәдени тұрғыдан кең ауқымды мәнге ие. Қазақ санасында бұл ұғым анатомиялық дене мүшесі ретінде ғана емес, бірнеше сөздермен тіркесіп келіп, адамның ақыл-ойын, мінез-құлқын, билігін, көшбасшылығын, жауапкершілігі мен тағдырын жеткізе алатын күрделі түсініктердің қатарына жатады. «Бас» сөзі тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамында, салт-дәстүрлер мен жоралғыларда көрініс табады. Көбіне басқа қатысты сөздер көркем шығармаларда және ауызекі сөйлеу кезінде жиі қолданылып тұрады. «Бас» ұғымының лексикалық және семантикалық мағынасы сан алуан. Атап айтқанда, анатомиялық мағынасы, көшбасшылық пен билікке қатысты мағына, өмірде болатын сынақтарға қатысты, киелі және символикалық мағыналары да кездеседі. Анатомиялық мағынасы бойынша «бас» адамның дене мүшесі ретінде түсіндіріледі. Ол адамның ақыл-ойының, санасының орталығы ретінде қабылданады. Бас – адам бойындағы 12 мүшенің ең негізгі басты органы. Баста ми орналасқан. Ми – адамның іс-әрекеттеріне, өзін-өзі ұстауына, өмір сүру дағдысына жауап береді. Осындай анатомиялық маңыздылығына қарай «Бас аман болсын», «Басы жақсы жұмыс жасайды» деген сынды тіркестер кеңінен танылған.

Тұрақты тіркестердің құрылымы, этимологиясы, фразеологиялық бірліктердің уәждемесі мен номинациясы мәселелерін Оспанова Ф.А. зерттеді. Мықтыбаева Т. зерттеу жұмысы нысаны ретінде анималистік фразеологизмдерді алды. Ғалым салыстырып-салғастыру әдісін қолдану арқылы қазақ және ағылшын тілдеріндегі жан-жануарларға қатысты тұрақты тіркестердің коннотативтік мағынасына үңіліп, үстеме мағынаның туындау себептерін

түсіндірді. Арғынғазина Ш.Б. қазақ және ағылшын етістікті тұрақты тіркестерінің мағыналық ерекшеліктерін зерделеп, салыстырып жазды. Ал бұл жағдай, өз кезегінде, фразеологизмдердің негізінің тілдерде әртүрлі болу себебін түсіндіруге септігін тигізді. «Фразеологиялық мағынаның сырын, фразеологизмнің жасалу тәркінін сол аспектегі тіл құбылыстарынан, тілдің ішкі заңдарынан, экстралингвистикалық факторлардан іздеу керек» – дейді І. Кеңесбаев [1]. Смағұлова Г. Н. мағынасы жағынан өзара ұқсас тұрақты тіркестерді тізіп, «мағыналас фразеологизмдер сөздігін» жасақтап шығарды. Салыстырмалы фразеологияда тұрақты тіркестерді этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру әртүрлі тілдердегі фразеологизмдердің тек құрылымын ғана зерттеумен шектелмей, олардың ұлттық-мәдени мәнін пайымдауға жол ашты [2].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Келесі жиі қолданылатын мағынасы – көшбасшылық пен билік мағынасында. Мысалы, «Басшы, басқару, бас көтеру, бас қосу» деген тіркестерде «бас» билік, жетекшілік, басқару, жауапкершілік мағынасын беріп тұр. Адам организмінде «бас» басты мүше болып саналғандай, биліктегі иерархияда да «бас» деген сөз сол басшылық, бастық, жетекші, көшбасшы деген ұғымдармен сәйкестендіріледі. Бұған Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасындағы «Мөңке бұл ауылдағы *бас көтерер азаматты* жиып алды, ұзақ ақылдасқаннан кейін бұлар мықты бір байламға тоқтады» деген үзіндісі дәлел [3].

Когнитивтік лингвистика тіл мен ойлау жүйесінің арақатынасын зерттейтін ғылым саласы болып табылады. Бұл бағыт адамның тілдік құрылымдарды, метафораларды, схемалар мен ұғымдарды қалай қабылдап, санада қалай өңдейтінін түсіндіруге бағытталады. Фразеологизмдер де осындай когнитивтік құрылымдардың нәтижесінде, яғни метафоралық және бейнелі ойлаудың ықпалымен қалыптасқан тілдік бірліктер саналады. Адам санасында ерекше әсер қалдырған табиғат құбылыстары, қоғамдық және тұрмыстық жағдайлар тілде белгілі бір образдар арқылы бейнеленіп, метафоралық сипатқа ие болады, соның негізінде тұрақты сөз тіркестері пайда болады.

Когнитивтік лингвистика метафоралардың концептуалды құрылымдарын талдау арқылы адамның дүниені қабылдау және тану тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Құрамында метафоралық бейнелер жиі кездесетін фразеологизмдер арқылы адамның әлемді түсіну моделі, сондай-ақ тілдің әлеуметтік және мәдени контексті көрініс табады. Мысалы, табиғат құбылыстарына, жануарлар дүниесіне, тұрмыс пен салт-дәстүрге қатысты фразеологизмдер белгілі бір концептуалды модельдердің тілдік көрінісі болып табылады. Осыдан когнитивтік лингвистика мен фразеологияның бір-бірімен тығыз байланысын көреміз. Когнитивтік лингвистика мәдениет пен тілдің өзара әсерін зерттесе, фразеологизмдер әр халықтың сол мәдениеті мен дүниетанымынан, тіл мен ойлаудың заңдылықтарынан туындайды. Өйткені тіл адамның қоршаған әлемді қалай қабылдайтыны мен түсінетінінің айнасы болып табылады. Фразеологизмдердің өн бойынан белгілі бір халықтың мәдениеті мен дүниетанымын танимыз. Әр тілдің фразеологиялық қоры сол тілде сөйлейтін халықтың когнитивтік құрылымдарын, әлеуметтік тәжірибесін, дәстүрлерін, тарихын қамтиды. Сонымен қатар когнитивтік лингвистика сөздердің мағыналарын когнитивтік процестер мен схемалармен байланыстырып зерттейді. Фразеологизмдерде қолданылатын сөздер адамның ұғымдық жүйесін, оның әлемді қалай қабылдайтынын көрсетеді [4].

Когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысаны адамның тіл мен ойлау жүйесі болғандықтан, бұл сала фразеологизмдердің пайда болуын, құрылымын және мағынасын толық түсіндіре алады. Себебі фразеологизмдер – адамның әлемді қабылдау тәсілдерін, оның мәдениетінің ерекшеліктерін көрсететін тілдік бірліктер. Бұл екі саланың байланысын зерттеу тіл мен мәдениеттің, когнитивтік процестердің қалай әрекеттесетінін ұғынуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде «бас» сөзі қатысқан фразеологизмдердің көпшілігі адам басына, жанына қатысты. Адам өміріне қауіп төнгенін, өлім жазасына кесілгенді, өлім құшатындай дәрежеге

жетті деген мағыналарды беретін тұрақты сөз тіркестерінде «бас» сөзі тікелей қолданылады. Оған мыналар жатады: басы кетеді; басына қысым түсті; бастан ерік кетті; бас тікті; басы алынды; бас алды; басы әңкі-тәңкі болды; басы қатты; басы қаңғырды; миы ашыды; шақшадай басы шарадай болды; басына қайғы салды; басына құдай салды; басын қақты т.б. Келтірілген тіркестердің барлығы адам қауіпке душар болғанда пайдаланылды. Төмендегі кестеде «бас» концептісіне қатысты түрлі мағынаны білдіретін қазақ фразеологизмдерін ұсынамыз [5].

Қазақ фразеологизмдеріндегі «бас» концептісінің көрінісі

№	Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
1.	Бас айналды:	1) Ауырғандықтан пайда болған әлсіздік 2) Елітті, еркінен айырылды. 3) Мақтанды, масаттанды.
2.	Бас алмады (алдырмады)	Бас көтермей жұмыс істеді. Тынбай еңбектенді деген мағына.
3.	Бас аман болсын	Белгілі бір апаттан, не қауіптен аман қалған кезде көңіл жұбату үшін айтылатын тіркес.
4.	Бас аманда	Ден сауда, тірлікте, сау жүргенде, жайшылық кезде деген мағына.
5.	Бас араздық	Өзара келіспеушілік, қырғи қабақтық, өшпенділік деген мағынаны білдіреді.
6.	Бас асау	1) Басына жүген кигізбейтін (салғызбайтын) тарпаң мінезді жылқы. 2) Мінезі шатақ, айтқанға көнбейтін адам.
7.	Бас ауыртты:	Ығырын шығарды, мезі етті, шаршатты деген мағына.
8.	Бас-аяғы жиналды	Тегіс келді, төрт көзі түгел болды.
9.	Басы-аяғы түзу	Он екі мүшесі аман, дені сау, ақыл-есі дұрыс болған кезде айтылады.
10.	Бас байлады	Өз басын қандай болса да қиыншылықтан аямады, белді буып, тікелей кіріспек болды, бел байлады.
11.	Бас-басына тозды	Ауызбіршілігі жойылды, бет-бетіне кетті, бытырады, тарады деген мағынада.
12.	Бас бәйге	Бірінші жүлде, маңдай алды сыйлық алған кезде айтылады.
13.	Бас (бой) бермеді	Ырқына жүрмеді, көнбеді, мойын ұсынбады, тындамады деген мағынада.
14.	Бас болды	1) Алдыңғы, бірінші қатарда жүрді. 2) Бір нәрсеге басшылық етті, басқарды.
15.	Бас бұзар:	Тәртібі нашар, бұзақы, сотқар, тентек адам туралы айтылғанда қолданылады.
16.	Бас білдірді	Асауды үйретті; көндірді. Бас білмейтін: Асау мініске үйретілмеген деген.
17.	Бас десең, құлақ дейді	Сөзді жөнді ұқпайтын, дұрыстап байымдай алмайтын, орынды жауабы, сөзі жоқ кісі туралы айтылады.
18.	Бас жарылса, бөрік ішінде	Жария болмады, жабулы қазан жабуымен қалдырылды деген кезде айтылады.
19.	Бас жарып, көз шығарып барады:	Ешкімді тындамай, өз дегенін істеді, тентектік жасады, дегенге көнбеді.
20.	Бас иді	1) Разылық білдірді; көрсетілген құрметке ілтипат білдірді. 2) Мойынсұнды, көнді, алдына тізе бүкті.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ және орыс фразеологизмдерін қатар алып зерттеу тіл білімінде жаңа бір әдіс ретінде қарастырылады. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – екі тілдегі тұрақты сөз тіркестерін салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, тілдік және мәдени айырмашылықтарды анықтау. Мұндай зерттеу тілдердің құрылымын, адамның дүниетанымы мен мәдениетінің қалай көрінетінін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу тілдік байланыстар мен айырмашылықтарды, тілдер арасындағы мәдени және когнитивтік

факторлардың әсерін анықтауға бағытталады. Қазақ және орыс фразеологизмдерін зерттеу арқылы екі халықтың дүниетанымын, тарихи даму жолын, салт-дәстүрлерін түсінуге болады. Фразеологизмдер адамның ойлау жүйесін, қоршаған әлемді қалай қабылдайтынын көрсететін когнитивтік құрылымдар болып табылады. Қазақ және орыс тілдеріндегі фразеологизмдер арқылы осы тілдерді сөйлейтін халықтардың когнитивтік модельдерін салыстыра аламыз. Фразеологизмдерді мағына жағынан қарастырсақ, ең алдымен бірнеше тапсырмалардың пайда болуын, жұмыстардың саны үсті-үстіне артуын орыс фразеологизмдерінде бас концептісін қолданып, «голова варит; башка / черепок / котелок варит; в башке варит», «голова забита», «каша в голове», «голова пухнет», «голова распухла» деп айтылады. Тапсырмалардың бәрін ми арқылы ойлану, бірінен соң бірін реттеп қорыту процесін бас орындайтындықтан, көп жұмыстың күші басқа түсетіндіктен тікелей аударып қарасақ, орыс халқы «бас жанды», «бас қайнады», «бас жарылды», «бас толды» деп қолданады. Қазақ халқы бұл мағынада «бас қатты» деп жатады. Сонымен бұл мағынаға ғана қатысты орыс халқында бес тұрақты тіркес кездеседі. Іске ебі жоқ, жұмысын тыңғылықты орындамайтын адамдарға «голова – два уха», «думать не головой, а задницей», «не дружить с головой», «потерять голову», «слаб на голову» деген бес тұрақты тіркес қолданылады. Қазақ халқында «басы қақпады», «басы істемейді» деп кездеседі. Өзін кінәлі сезінген, көңіл-күйі жоқ адамдарға «поникнуть головой», «повесить голову», «понуричь голову», «с повинной головой» деген төрт тұрақты тіркес қолданылады. Қазақ халқында «басы салбырап кеткен» деген тұрақты тіркес қолданамыз. Ақылды адамдарға орыс халқы «с головой», «голова на плечах», «светлая голова» секілді тұрақты тіркестер қолданса, қазақ халқы «басы бар», «басы істейді» дейміз. Осыған антоним ақымақ адамдарға орыс халқы «больной на [всю] голову», «голова еловая», «голова садовая», «голова соломой набита», «дубовая голова», «дурья голова», «мякинная голова», «пустая голова» тұрақты тіркестерін қолданады [6].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді концепт тұрғысынан қарастыра отырып, олардың ұлттық-мәдени болмысын анықтаумен байланысты. Бұл, біріншіден, ағылшын тілінің бай лексикалық қорын танытуға, екіншіден, қазақ және орыс тіліндегі ұқсас тілдік бірліктермен салыстыру арқылы үш халықтың дүниетанымдық өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – ағылшын тіліндегі фразеологизмдерде көрініс тапқан концептілерді анықтау және олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерделеу. Сондай-ақ, бұл фразеологизмдерді қазақ тіліндегі ұқсас құбылыстармен салыстыру арқылы екі мәдениет арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдау маңызды міндеттердің бірі саналады.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді зерттеу – қазіргі заманғы лингвистика мен мәдениеттану саласында өзекті тақырыптардың бірі. Себебі ағылшын тілі әлемдік қатынас құралы ретінде түрлі мәдениеттер мен халықтардың өзара ықпалдастығын қамтамасыз етеді. Ағылшын тіліндегі фразеологизмдерде көрініс табатын концептілер сол халықтың мәдени-тарихи тәжірибесін, әлеуметтік құндылықтарын, дүниетанымын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

ТАЛҚЫЛАУ

Фразеологизмдер тек тілдік бірліктер ғана емес, сонымен бірге сөйлеушілердің тілдік мәдениетінің, ойлау жүйесінің айнасы болып табылады. Салыстырмалы зерттеу арқылы екі тілдің әлеуметтік, прагматикалық және стилистикалық ерекшеліктерін түсінеміз. Қазақ және орыс фразеологизмдерін салыстыра зерттеу екі тілдің құрылымы мен мәдениетінің, дүниетанымының, әлеуметтік нормаларының терендігін түсінуге көмектеседі. Бұл зерттеу тілдердің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашуға, сондай-ақ әр тілдің фразеологиялық қорының мәдени және когнитивтік негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Әр тұрақты тіркес жеке-жеке қарастырылып, орыс әдебиетінде кездескен фразеологизмдердің үзіндісі мен сызба берілді.

«Во главе [стоять / идти...]», «во главе угла [стоять]» деген орыс фразеологизмдерінде бас концептісі ең маңызды орын деген мағына беріп тұр. Мағынасы ең маңызды істің мүшесі болу дегенді білдіреді. Қазақ тілінде «Өз-өзінді танысаң – істің басы» деген сөйлемді кездестіреміз.

- Лобзиков – приятель Полянского по пословице «два сапога пара и рука руку моет» – захватил в обе руки большую порцию утки и выкусил ей бок, намекая своим поступком, что аналогичный конец в иносказательном смысле постигнет и тебя. При этом известии гости, чмокнув сальными ртами, дружно ударили ножами в тарелки: «Постигнет! Постигнет!» Но Генрих Иванович Граубе, сидевший *во главе* заговорщиков, покачал слегка головою и пригубил задумчиво рюмку, в которой еще светилась недопитая жидкость. [Абрам Терц. Ты и я]

- Сейчас на четырех должностях сидят четыре человека, а тогда был один, потому что *во главе* угла стояла рентабельность. [А. Рыбаков. Тяжелый песок]

«Голова варит; башка / черепок / котелок варит; в башке варит» тура мағынада бас концептісі тамақ дайындауда маңызды функция атқаратын мүше ретінде қарастырылады. Ал ауыспалы мағынада бірнеше істерді жоспарлаған кезде, тапсырмалар көбейген кезде қолданамыз.

- А гуайяву эту я в рот не брал отродясь, и нечего на меня всяких собак вешать, а только почет и уважение, а костюм не надо, а что у меня *голова быстро варит*, так это понимать надо, а не руки выкручивать, – в другом государстве я бы во как пригодился, сразу в президенты и всё. [Т. Толстая. Лимпомо]
- Две *головы* Кузьменьшей *варили* по-разному. [А. Приставкин. Ночевала тучка золотая]

«Думать не головой, а задницей» орыс фразеологизмін басымен емес, артқы жақпен ойлану деп тура аударамыз. Бас концептісін алсақ, бас ойлана алатын, шешім шығара алатын ең негізгі мүше ретінде қарастырылады. Бас концептісі артқы жақ сөзімен антоним болып тұр. «Голова – два уха», «думать не головой, а задницей», «не дружить с головой», «потерять голову», «слаб на голову» фразеологизмдері қателік жасағанда немесе қандай да бір маңызды істі ұмытып қалғанда, өз бетімен шешім шығара алмағанда айтылады. Бұл жерде бас пен құлақ концептілері адамның дене мүшесі ретінде айтылып, ауыспалы мағына беріп тұрғанын байқаймыз. Қазақ халқы «Бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шықты» деп жатады.

– Вот, *голова два уха!* Начисто забыл, тебе есть послание от твоего коллеги из Беркли. [Корпус РусПроз]

- Что делать? Уходит! Куда? Верно! А я что говорил! Это младенцу понятно. А что делает твой военный гений? Неделю держит нас тут. Жрать нечего. Боеприпасы кончились. Зачем? Вышие соображения? Вздор! Просто *не головой они думают, а жопой*. [А. Зиновьев. Зияющие высоты]

– Удивляться нечему, Валера привык *думать не головой, а жопой*. [Корпус РусПроз.]

- Что они снять-то могут, что придумать?! Они думают *не головой, а задницей*, вот и выходит у них всё через это самое место, вот и загаживают людям мозги. Какая страна, такое в ней и кино. [А. Колышевский. Секта-2]

- Тому, кто *не дружит с головой*, и тараканы не враги. [РечОб.]

- Часто человек настолько *не дружен с головой*, что искать смысл в его словах – занятие бесперспективное. [РечОб. Инт.]

– Зачем ты сообщила? Да еще из больницы! <...> – Я в тот момент *потеряла голову*. Валерий помолчал: он знал, что Лидуся ни в каких случаях голо вы не теряла. [А. Алексин. Добрый гений]

- Уважаемый Владимир Александрович Если бы ты был *слаб на голову*, то я бы писал тебе как идиоту. Но я тебя за такого не знаю, и упаси боже тебя за такого знать. Ты, видно, представляешься мальчиком. Брось этих глупостей, уважаемый Владимир Александрович. [Корпус Публ]

«Голова к голове» фразеологизмінде бас концептісінің мағынасы бірге дегенді білдіріп тұр.

- На переднем плане, на траве, *голова к голове*, лежим мы двое: комбат Лучший и я. [Г. Бакланов. Жизнь, подаренная дважды] Бірге жату, бірге отыру, бірге тұру дегенді білдіріп тұр. Тағы бір мағынасы бір-бірімен жарысу дегенді білдіреді.
- Лошади *голова в голову* летели к финишу. [Корпус РусПроз.]
- Все-таки Нина – настоящий боец. По тяжелой дорожке пришла *голова в голову* с чемпионкой Европы. [Корпус Публ].
- Главные соперники – правящий Союз демократических левых сил и сколоченная профсоюзниками «Выборная акция Солидарность» – идут в рейтингах *голова к голове*. [Корпус Публ]

«Шальная голова» фразеологизмі жынды, ессіз адамдарға қолданылады.

Батыл, өлімнен қорықпайтын, өмірін тәуекелге байлайтын адамдарға «*о двух головах*» фразеологизмі қолданылады.

- Старый Петро сына укоряет: - Бунтовщик ты, злодей проклятый... Аль о двух головах ты родился? Пропадай ты себе окаянный, Да зачем ты всю Сербию губишь? [Пушкин, Песни западных славян]

Өзін-өзі кінәлі сезінген адамға «*с повинной головой*» фразеологизмі қолданылады.

- Башлинские старшины приезжали с повинной головою. [Бестужев-Марлинский, Письма из Дагестана.]

«*В свою голову*» фразеологизмі «өз бетімен» деген мағынаны береді.

- Он никак не полагал, что Вадим оставляет службу в свою голову, даже не уведомив об этом мать. [В.Даль, Картинки русского быта]

«*На свежую голову*» фразеологизмі жаңадан бастау, дем алып жалғастыру деген мағына береді.

- После школы буду играть часа полтора в футбол, а потом на свежую голову буду делать уроки. [Н.Носов, Витя Малеев в школе и дома]

Өз басына жамандық шақыру деп орыс фразеологизмінде «*на свою голову*» дейді.

- Ах я глупенькая! – сказала Пашенка: - чего я наделала! Вот на свою голову послушалась боярыни! [А.К. Толстой, Князь Серебряный]

№	Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
1.	«Во главе [стоять / идти...]»	Белгілі бір істің басында тұру.
2.	«Голова варит; башка / черепок / котелок варит; в башке варит», «голова забита», «каша в голове», «голова пухнет», «голова распухла»	Бірнеше тапсырмалардың пайда болуын білдіреді.
3.	«Голова – два уха», «думать не головой, а задницей», «не дружить с головой», «потерять голову», «слаб на голову»	Іске ебі болмау, берілген тапсырманы келістірмеу деген мағына береді.
4.	«Голова к голове»	Бірге әрекет жасау.
5.	«Ходить на голове»	Тентектік, бұзықтық жасау.
6.	«Гладить по голове»	Еркелету, жанашарлық таныту.
7.	«Выдать себя с головой»,	Беріліп тапсырма орындау.
8.	«Поникнуть головой», «повесить голову», «понуричь голову», «с повинной головой»	Өзін кінәлі сезіну, көңіл-күйі болмау.
9.	«С головой», «голова на плечах», «светлая голова»	Басы бар, кеудесінде басы бар деген мағына береді. Ақылы бар адамдарға қолданылады.
10.	«С головой выдаёт»	Ерекшеліктерін, шынайлығын көрсету.
11.	«Голову оторвать; башку оторвать, голову/ башку оторвёт»	Қоқан-лоқы көрсету мақсатында қолданылады. Мағынасы басын жұлып алу.

12.	«Больной на [всю] голову», «голова еловая», «голова садовая», «голова соломой набита», «дубовая голова», «дурья голова», «мякинная голова», «пустая голова»	Ақымақ адам мағынасын береді.
13.	«В первую голову»	Ең алдымен дегенді білдіреді.
14.	«Даю голову на отсечение», «кладу голову на плаху»	Уәде бергенде қолданылады. Басыммен жауап беремін мағынасына келеді.
15.	«Склонить голову»	Бас ию деген мағына береді. (Қайтыс болған адамдарың рухына сыйластық таныту мақсатында айтылады.)
16.	«Сложить голову. положить [свою] голову», «о двух головах»	Өз өмірін өлімге қойғанда айтылады.
17.	«Снять голову», «полетели головы»	Жазалау мақсатында айтылады. Басын шешіп алу мағынасын береді.
18.	«Хромой на [всю] голову»	Орын алған ситуацияға теріс пікір білдіргенде қолданады.
19.	«Через голову»	Кез-келген істі бас арқылы жүргізу
20.	«Выше головы»	Бастан асады, көп мағынасын береді.

Ағылшын тіліндегі «head» концептісі – адамның когнитивтік және мәдени әлемін бейнелейтін маңызды ұғымдардың бірі. «Head» тек адамның дене мүшесі ретінде ғана емес, ақыл, шешім қабылдау, көшбасшылық және эмоцияларды білдіретін күрделі символ ретінде фразеологияда кеңінен көрініс табады. Бұл бөлімде «head» концептісінің ағылшын фразеологизмдеріндегі көрінісі, оның семантикалық және мәдени ерекшеліктері қарастырылады. Бас ойлаумен тығыз байланысты. Ағылшын тілінде ойлау, менталитет және ойлау арқылы, ал қазақ тілінде – ақыл-парасат арқылы ұсынылған, сана, зерде, пайым [7, 196].

Адамның басы әртүрлі мәдениеттерде ойды, ақылды, билікті, беделді, рухани тазалықты, адалдықты, логикалық шекті, білімді, даналықты және жеке ерекшелікті білдіреді. Мұндай көптеген мән-мағыналардың арқасында ағылшын тіліндегі «head» сөзі шексіз идиомалар жиынтығында кездесетіні таңғаларлық емес [8].

to make head or tail – бір нәрсені түсіну, мәнін ұғу, шешу; Бұл идиома көбінесе теріс түрде қолданылады және «ештеңе түсінбеу», қарапайым тілмен айтқанда, «ешқандай мағынаға жете алмау» дегенді білдіреді. Мысалы: *I can't make head or tail of your explanation, let's start all over again.* Цицерон біреудің ойын жеткізе алмауы жайлы айтқанда «Ne caput nec pedes» – «Бас та емес, аяқ та емес» деп қолданған. Неліктен ағылшын тілінде аяқтың орнына құйрық пайда болды? *Head* және *tail* – ағылшын тиындарының екі жағының ауызекі атауы: бір жағында әдетте билеушінің бейнесі, ал екінші жағында айдаһар немесе арыстан бейнеленген. Сол себепті *heads or tails* деген тағы бір идиома бар, ол «орел немесе решка» мағынасын береді.

to have one's head in the clouds – қиялға берілу, арманға шомылу; «Get your head out of the clouds!» немесе тікелей аударғанда «басыңды бұлттан ал» – бұрындары ағылшын көшелерінде айналасында болып жатқан жайтқа мән бермей, қағып кету қаупі төнген жаяу жүргіншілерге сыпайы, сабырлы жүргізушілер осы тіркесті жиі айтатын болған. Бұл идиома қазіргі кезде де теріс реңкке ие және бастапқы қолдану аясынан алшақтап, қиялға ерік берген адамға қатысты қолданылады.

to be head over heels (in love) – қатты ғашық болу Бұл идиома махаббаттың алғашқы ең тәтті кезеңін сипаттайды, әлем төңкеріліп кеткендей сезім туғызатын жағдайды бейнелейді. Мысалы: *John is head over heels in love with his fiancée(Джон өзінің қалыңдығына одан сайын ғашық болды)* Алғашқыда бұл идиома *heels over head(төңкерілу)* түрінде айтылған және *upside-down, topsy-turvy* сияқты мәнге ие болған.

to be not right in the head – ақыл-есін жоғалту, өз-өзіне қолайсыз, оғаш қылық таныту

Көптеген адамдар махаббаттан немесе сәтсіздіктен кейін оғаш әрекет ете бастайды: *After their break-up she seems to be not quite right in the head, mumbling to herself and crying herself to sleep* (олар ажырасқаннан кейін оның басы мүлдем дұрыс емес сияқты, өз-өзіне күбірлеп,

ұйықтарда жылап жатады) [9]. Идиома ағылшын тілінде алғаш рет 1662 жылы ‘not right in his wits’ түрінде жазылып, өз мағынасын сақтап қалды, тек сөзбе-сөз «ақылды» аллегориялық «бас» деген сөзбен ауыстырылды.

to keep one’s head above water – қиындыққа мойымау, өз-өзін ұстап тұру.

Суға енді ғана жүзуді үйреніп жатқан немесе ағынға қарсы шыққан адамды елестетіңіз. Ол басын судың бетінде ұстап тұру үшін барын салады. Бұл образ идиомада сақталып, жауапкершілік пен тапсырмалар көп болғанда, біреу: *I already can't keep my head above water, and tasks just keep piling up*, – деп айта алады.

(right) off the top of one’s head – болжаммен, нақты емес, жылдам жауап беру Қазақ тілінде осыған ұқсас «ойдан шығарып айту» деген тіркес бар. Мысалы: *Off the top of my head I can remember only the price of the ticket*.

to come to a head – шешуші кезеңге жету, шиеленісу
Бұл идиоманың шығу тегі сезімтал адамдар үшін жағымсыз болуы мүмкін. Бірақ қазіргі кезде оның бұл тарихы ұмытылып, ол кез келген салада еркін қолданылады: *The refugee crisis came to a head when the authorities of the country decided to close its borders for the migrants*.

to bite someone’s head off – біреуге қатты ұрысу, негізсіз қатал болу
16 ғасырдағы Англияда біреуді ашуландырсаңыз, мұрныңыздан айырылуыңыз мүмкін еді – идиоманың бастапқы түрі ‘to bite someone’s nose off’ болған. Бүгінгі күні ол одан да агрессивті көрінеді, бірақ мәнін сақтап қалған: *Out team leader was ready to bite my head off just because I was ten minutes later*. Идиомалық тіркестер талдауға қабілеттілік дәрежесімен ерекшеленеді. Кейбір фразеологизмдер жоғары дәрежеде ыдырайды, олардың бөліктерінің мағыналары олардың жалпы бейнелі мағыналарына тәуелсіз ықпал етеді [10].

Төменде «head» концептісін қамтитын негізгі фразеологизмдер мен олардың мағыналары берілген:

Фразеологизм	Мағынасы
"To turn someone's head"	Біреудің назарын аударып, оның мақтаныш сезімін ояту.
"Out of one's head"	Ақылынан айырылу, ессіздік.
"To put heads together"	Бірлесіп ойлану, шешім іздеу.
"Over one's head"	Түсінуге тым күрделі немесе қол жетпейтін нәрсе.
"Head start"	Артықшылық немесе ерте бастау.

«Head» компоненті адамның ақыл-ойы, басқару қабілеті мен көшбасшылық қасиеттерін білдіретін негізгі концепт ретінде қалыптасқан. Адамның басы физиологиялық тұрғыдан ми орналасқан орган болса, символикалық түрде ол – ойлау мен шешім қабылдау орталығы [9].

Ағылшын тіліндегі «head» сөзін қамтитын фразеологизмдер әртүрлі стильде қолданылуы мүмкін. Олар күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде, әдеби шығармаларда, сондай-ақ іскерлік қатынастарда кездеседі. Мысалы:

Күнделікті тілде: *He always keeps his head in stressful situations* (Ол стресстік жағдайда әрдайым сабырлы).

Әдебиетте: *He was the head of the army, guiding them with wisdom and courage* (Ол армияның басшысы болып, даналықпен және батылдықпен басшылық етті).

Іскерлік қатынастарда: *The head of the department suggested a new strategy* (Бөлім басшысы жаңа стратегия ұсынды).

«Head» компоненті бар фразеологизмдер ағылшын мәдениетіндегі рационалдылық, эмоцияларды бақылау және лидерлік қасиеттерге ерекше мән беретінін көрсетеді. Бұл фразеологизмдер ағылшын қоғамының құндылықтарын ашуға көмектеседі. Білім беру контекстінен басқа, тұжырымдамалық сала әлеуметтік өзара әрекеттесуде және қоғамдық пікірталастарда маңызды рөл атқарады. [11]

Ағылшын мәдениетінде эмоцияны бақылау және ақылмен әрекет ету маңызды деп саналады. Мысалы, «*Keep a cool head*» тіркесі адамның қиын жағдайда да өзін ұстай білуін жоғары бағалайды.

Қазақ тіліндегі «*бас*» концепті де ағылшын тіліндегі «*head*» сияқты көп мағыналы. Екі тілдегі осы ұғымды қамтитын фразеологизмдер кейде ұқсас, кейде айырмашылықтарға ие.

Ұқсастықтар:

Ағылшын тіліндегі **At the head of the table** тіркесі қазақша «*Басты орында отыру*» дегенді білдіреді.

Use your head – «*Басыңды іске қоссайшы*» деген ұғымға сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Фразеологизмдер – әрбір тілдің көркемдік пен даналық қазынасы, оның рухани байлығының айнасы. Олар сөздің қарапайым мағынасынан асып, халықтың дүниетанымын, тарихын, салт-дәстүрін және мәдени болмысын бейнелейді. Әр тілдегі фразеологизмдерді білу – тек лексикалық білімді меңгеру емес, сол тілдің ішкі жан дүниесіне бойлау, сол ұлттың ойлау ерекшелігін түсіну болып табылады. Фразеологизмдер тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың өткенінен бүгінге жеткен асыл мұрасы. Мысалы, қазақ тіліндегі «Тоғыз жолдың торабы» тіркесі көшпелі халықтың сауда-саттық жолдарындағы маңызды нүктелерді білдірсе, «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деген фразеологизм көпшіліктің бірлігі мен ынтымағын дәріптейді. Мұндай тіркестер қазақ халқының тұрмысы мен дүниетанымынан хабар береді. Орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер де ұлттың ерекшелігін айқындайды. Мысалы, орыс тіліндегі «Тянуть kota за хвост» тіркесі іс-қимылды созбалаңға салуды сынға алса, ағылшын тіліндегі «A blessing in disguise» тіркесі қиындықтан кейінгі жақсылықты сипаттайды.

Олар белгілі бір мағынада реферат арасындағы көпір қызметін атқарады идеялар мен нақты өмірлік шындық, күрделі ұғымдарды қол жетімді және түсінікті етеді. Бұл әдеби стиль белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланылуы мүмкін қарым-қатынас актісінің ашылуын жеңілдетеді [12, 120].

Бұл тіркестер арқылы әр халықтың өмірге көзқарасын түсінуге болады. Фразеологизмдерді білудің артықшылығы көп. Біріншіден, олар ойды бейнелі әрі дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Екіншіден, фразеологизмдерді қолдану – тілдің байлығын сезініп, оны құрметтеудің белгісі. Үшіншіден, фразеологизмдер әр тілде сөйлейтін адамдар арасындағы мәдени алшақтықты азайтады. Мысалы, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ұқсас тіркестерді салыстыра отырып, олардың ортақ мағынасын табуға болады.

Қорытындылай келе, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді меңгеру тек тілдік білімімізді кеңейтіп қана қоймай, мәдени және танымдық құзыреттерімізді дамытуға да ықпал етеді. Үш тілдің фразеологиялық жүйесін салыстыра талдау арқылы біз әр ұлттың дүниетанымдық ерекшелігін терең түсініп, әлемді кең ауқымда қабылдау мүмкіндігіне ие боламыз. Сонымен қатар, фразеологизмдерді жан-жақты игеру ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаһандық мәдениетпен өзара үйлесімді байланыс орнатуға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Калиев Г., Болганбаев А. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 б.

2 The Independent [электрондық ресурс]. – Mode of access <http://www.independent.co.uk/> (күні: 18.02.2019)

3 Ш. Баллидің фразеология теориясы [электрондық ресурс]: KazEdu – қол жеткізу режимі: <https://www.kazedu.kz/referat/57517/1> (күні: 16.12.2017).

4 Нұрпейісов Ә.К. Қан мен тер. – Алматы: «Книжный клуб», 2021. – 546 с.

- 5 Агарзаева Б.А. Лезгин, ағылшын және орыс тілдеріндегі «бас», «жүрек», «жан» концептосфераларының лингвомәдени ерекшеліктері: (паремия материалында): дис. автореф.; филология ғылымдары: 10.02.20 / Агарзаева Б. А.; Дағыст. мемлекеттік пед. ун-т. - Махачкала, 2018. – 23 б.
- 6 Саркисян М. Р. ағылшын фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени ерекшелігі: қарама-қарсы тәсіл: М.Р. Саркисян, А. Р. Давыдова // қазіргі гуманитарлық білімдегі когнитивті-дискурсивті кеңістік. - Краснодар, 2019. – 243-249 бб.
- 7 Lexico-Semantic Field and conceptual Feature of the Concept «ақыл/mind»// World Journal of English Language T. 15, No5 (2024)
<https://www.sciedupress.com/journal/index.php/wjel/article/view/25841> DOI:
<https://doi.org/10.5430/wjel.v14n5p194>
- 8 Sabine Fiedler. English Phraseology: A Coursebook, Anglia - Zeitschrift für englische Philologie. – 2008. – P. 31-35
- 9 Dobrovolskiy Dmitriy O., Elisabeth Piirainen. Cultural knowledge and idioms// International Journal of English Studies, 2006, Vol. 6, 1, p. 27-42. ISSN 1578-7044
- 10 Gibbs R.W. How to kick the bucket and not decompose: Analyzability and idiom processing. En: Journal of Memory and Language, 2018.- p. 576-593. ISSN 0749596X
- 11 Jennifer Speake. The Oxford Dictionary of Idioms. New York: Oxford University Press. – 2004. – 323 p.
- 12 Хайруллина Р.Х. Фразеологиялық образ: психикалық табиғаты мен тілдік өрнек// Іргелі зерттеу. 2015. 2, 27 Б. 6129-6132.
- 13 Zhang M. Digital lifeworld and communicative interaction: conceptualizing the transformative potentials of social networking in the public sphere // Journal of Linguistics and Communication Studies. –2023. –Vol. 2, No. 4. – p. 121-131.
<https://doi.org/10.56397/jlcs.2023.12.14>(дата обращения: 14 ноября 2024).
- 14 Strategy and Tactics of Communication in Fairy Tale Discourse// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 11(1)(2025). p. 118-128 <https://search.app/A7oaEZXEEdVpVg66A9>

Материал 28.12.2025 баспаға түсті

Концепт бас/голова/head в казахской, русской, английской фразеологии

*А.С. Исакова¹, К.Т. Алтайбекова², А.А. Куздыбаева³, К.Н. Шохаева⁴

¹Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, Актау, 130000, Казахстан

²Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.Сатпаева, Астана, 010000, Казахстан

³Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актобе, 030000, Казахстан

⁴Международный инженерно-технологический университет, Алматы, 050060, Казахстан

Цель исследования-выяснить, как концепты бас, голов и head на казахском, русском и английском языках выражены во фразеологизмах. Анализ сходства и различий мыслей, значений и образов, выражаемых в этих языках через главный концепт. Изучение того, как главный концепт представлен на каждом языке, с учетом культурного, социального и исторического контекста, присущего каждому языку. Выявить особенности применения концепции головы в зависимости от мировоззрения и образа жизни каждого народа. Благодаря этому исследованию, то, как главный концепт представлен в каждом языке и его место в различных фразеологизмах, позволяет глубже понять межкультурные связи, структурные особенности языка и символическое значение слова.

Научная новизна исследования заключается в том, что оно раскрывает культурные и языковые сходства и различия между языками и позволяет глубже понять семантические и символические особенности фразеологизмов. Новое видение представляет сравнительное исследование того, как формируется главный концепт в зависимости от культуры,

мировоззрения и социальной структуры каждого языка, выявление концептуальных сходств и различий между языками. Взгляд на то, как конструируется концепт голова/голова/Голова в различных фразеологизмах, определение мировоззрения человека, способов понимания мира. Научная новизна данного исследования позволяет глубже изучить концептуальные различия и сходства между языками, а также культурные и когнитивные особенности каждого народа путем проведения сравнительного анализа фразеологизмов в казахском, русском и английском языках.

Ключевые слова: фразеологизм, концепт, сравнительная лингвистика, бас, голов, концепт head, лингвокультурология.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Калиев Г., Болганбаев А. Лексикология и фразеология современного казахского языка. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 с.
- 2 The Independent [electronic resource]. – Mode of access <http://www.independent.co.uk/> (дата обращения: 18.02.2019)
- 3 Теория фразеологии Ш. Балли [Электронный ресурс]: KazEdu – Режим доступа: <https://www.kazedu.kz/referat/57517/1> (дата обращения: 16.12.2017).
- 4 Нурпеисов А.К. Кровь и пот. - Алматы: «Книжный клуб», 2021. – 546 с.
- 5 Агарзаева Б.А. Лингвокультурные особенности концептосфер «голова», «сердце», «душа» в английском, лезгин и русском языках: (на материале паремии): дис. автореф. Филологические науки: 10.02.20 / Агарзаева Б. А.; Дагестан. государственный пед. ун - т.-Махачкала, 2018. – 23 с.
- 6 Саркисян М.Р. Национально-культурное своеобразие английских фразеологизмов: контрастивный подход: М. Р. Саркисян, А. Р. Давыдова// Когнитивно-дискурсивное пространство в современном гуманитарном знании. – Краснодар, 2019. – С. 243-249.
- 7 Lexico-Semantic Field and conceptual Feature of the Concept «ақыл/mind»// World Journal of English Language T. 15, No5 (2024)
<https://www.sciedupress.com/journal/index.php/wjel/article/view/25841> DOI:
<https://doi.org/10.5430/wjel.v14n5p194>
- 8 Sabine Fiedler. English Phraseology: A Coursebook, Anglia - Zeitschrift für englische Philologie. - 2008. – P. 31-35
- 9 Dobrovolskiy Dmitriy O., Elisabeth Piirainen. Cultural knowledge and idioms// International Journal of English Studies, 2006, Vol. 6, 1, p. 27-42. ISSN 1578-7044
- 10 Gibbs R.W. How to kick the bucket and not decompose: Analyzability and idiom processing. En: Journal of Memory and Language, 2018. – P. 576-593. ISSN 0749596X
- 11 Jennifer Speake. The Oxford Dictionary of Idioms. New York: Oxford University Press. - 2004. – 323 p.
- 12 Хайруллина Р.Х. Фразеологический образ: ментальная природа и языковые выражение// Фундаментальные исследования. 2015. С. 2, 27, 6129-6132.
- 13 Zhang M. Digital lifeworld and communicative interaction: conceptualizing the transformative potentials of social networking in the public sphere // Journal of Linguistics and Communication Studies. –2023. –Vol. 2, No. 4. – P. 121-131.
<https://doi.org/10.56397/jlcs.2023.12.14>
- 14 Strategy and Tactics of Communication in Fairy Tale Discourse// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 11(1)(2025). P. 118-128. <https://search.app/A7oaEZXEEdVpVg66A9>

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

The concept of the бас/голова/head in Kazakh, Russian, and English phraseology

*А. Issakova¹, К. Altaybekova², А. Kuzdybaeva³, К. Shokhayeva⁴

¹Yessenov University, Aktau, 130000, Kazakhstan

² Satbayev University, Astana, 010000, Kazakhstan

³ K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, 030000, Kazakhstan

⁴ International Engineering and Technological University, Almaty, 050060, Kazakhstan

The purpose of this study is to examine how the concept of head is represented in phraseological units of the Kazakh, Russian, and English languages. The research focuses on identifying similarities and differences in the meanings, values, and images associated with this concept across the three linguistic and cultural traditions. Particular attention is paid to the ways in which the concept of head is reflected in phraseological units within the specific cultural, social, and historical contexts of each language. The study also aims to determine the distinctive features of the use of this concept in relation to the worldview, traditions, and lifestyle of each people. An analysis of phraseological units containing the lexical components bas, golova, and head makes it possible to reveal intercultural connections, structural characteristics of the languages, and the symbolic significance of the concept under investigation.

The scientific novelty of the study lies in its comparative analysis of phraseological units in Kazakh, Russian, and English, which reveals both universal and culture-specific features of the concept of head. The findings demonstrate how this concept is shaped by cultural values, social structures, and patterns of thinking in different linguistic communities. The study identifies conceptual similarities and differences in the representation of head and highlights its role in reflecting national worldviews and cognitive models. The research contributes to a deeper understanding of the semantic, symbolic, cultural, and cognitive characteristics of phraseological units and expands current knowledge of conceptual representation in different languages.

Key words: phraseology, concept, comparative linguistics, head, golova, head concept, linguoculturology.

REFERENCES

- 1 Kaliev G., Bolganbaev A. Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Almaty: «Kozdik-Dictionary», 2006. – 264 p.
- 2 The Independent [electronic resource]. – Mode of access [http:// www.independent.co.uk/](http://www.independent.co.uk/)(дата обращения: 18.02.2019)
- 3 Theory of phraseology by Sh. Bally [Electronic resource]: KazEdu – Access mode: <https://www.kazedu.kz/referat/57517/1> (date of access: 12/16/2017).
- 4 Nurpeisov A.K. Blood and sweat. - Almaty: "Book Club", 2021. –546 p.
- 5 Agarzaeva B.A. Lezgin, linguocultural features of the conceptspheres "head", "heart", "soul" in English and Russian: (in paremia material): dis. autofu. 10.02.20 / Agarzaeva B. A.; Dagestan. state PED. UN-T.-Makhachkala, 2018. – 23 p.
- 6 Sargsyan M.R. The national and cultural uniqueness of English phraseological units: a contrastive approach: M.R. Sargsyan, A.R. Davydova // Cognitive-discursive space in modern humanitarian knowledge. Krasnodar, 2019. – P. 243-249.
- 7 Lexico-Semantic Field and conceptual Feature of the Concept «АҚЫЛ/mind»// World Journal of English Language T. 15, No5 (2024) <https://www.sciedupress.com/journal/index.php/wjel/article/view/25841> DOI: <https://doi.org/10.5430/wjel.v14n5p194>
- 8 Sabine Fiedler. English Phraseology: A Coursebook, Anglia - Zeitschrift für englische Philologie. - 2008. – P. 31-35
- 9 Dobrovolskij Dmitrij O., Elisabeth Piirainen. Cultural knowledge and idioms// International Journal of English Studies, 2006, Vol. 6, 1, P. 27-42. ISSN 1578-7044
- 10 Gibbs R.W. How to kick the bucket and not decompose: Analyzability and idiom processing. En: Journal of Memory and Language, 2018. – p. 576-593. ISSN 0749596X
- 11 Jennifer Speake. The Oxford Dictionary of Idioms. New York: Oxford University Press. - 2004. – 323 p.

12 Khairullina R.Kh. Phraseological image: mental nature and linguistic expression// Fundamental research. 2015. P. 2, 27, 6129-6132.

13 Zhang M. Digital lifeworld and communicative interaction: conceptualizing the transformative potentials of social networking in the public sphere // Journal of Linguistics and Communication Studies. – 2023. –Vol. 2, No. 4. – P. 121-131. <https://doi.org/10.56397/jlcs.2023.12.14>

14 Strategy and Tactics of Communication in Fairy Tale Discourse// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 11(1)(2025). P. 118-128. <https://search.app/A7oaEZXEEdVpVg66A9>

Received: 28.12.2025

MPHTI 811.512.122:39

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp96-110](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp96-110)

К.К. Муканова¹, Э.М. Самекбаева¹, Г.Б. Саганаева¹

¹«Шәкәрім университет» КеАҚ, Семей, 071411, Қазақстан

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «АР» КОНЦЕПТИСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі «Ар» концептісінің танымдық ерекшеліктері талданады. Зерттеу еңбегінде тіл мен ойдың өзара байланысы антропоэзектік парадигма негізінде қарастырылады және «Ар» ұғымының концептуалдық жүйесі ұсынылады.

Зерттеу барысында тілді танымдық аспектіде зерттеу, яғни тіл мен ойлау процесінің сабақтастығы жөніндегі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов сынды ғалымдардың пікірлері және Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, М. Копыленко, Т. Жанұзақов, Ө. Айтбаев, Э. Сүлейменова, Б. Момынова, Б. Қасым сынды ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Шәкәрім шығармалары негізінде «Ар» ұғымы тек жеке адамдық қасиет ретінде ғана емес, ұлттық құндылық ретінде қалыптасып, қоғамдағы мінез-құлық нормасы ретінде танылған. Сондықтан зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – «Ар» ұғымын танымдық тұрғыдан жан-жақты зерделеу, оның мазмұндық мәні мен функцияларын ашу болып табылды. Осы мақсатқа сәйкес, Шәкәрім шығармаларындағы «Ар» концептілік өрісінің мазмұндық аясы анықталып, оның танымдық сипаты жүйелі талданды, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен моральдық құндылықтар негізінде концептілердің маңызы көрсетілді. Талдау арқылы «Ар» ұғымының танымдық, этикалық және әлеуметтік мәні кеңінен ашылды.

Шәкәрім өлеңдеріндегі «Ар» концептісінің танымдық ерекшеліктерін жүйелі зерттеу арқылы тілдік, танымдық сипаты, танымдық өлшемдері анықталады және қазақ тіл білімінің теориялық базасына үлес қосады.

Кілт сөздер: концепт, таным, тіл мен ой, ар концептісі, концептуалды талдау, лингвомәдени концепт

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жалпы адам айналасындағы құбылысты, білімді т.б. таным әрекеті арқылы қабылдайды, ұғынады, еске сақтайды және таниды. Таным адамның қоршаған ортаны бейнелеу, қабылдау әрекеті болып табылады. Адамның дүниені танып білуі үздіксіз дамып отыратын үрдіс және ол адамның білімінен, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен көрініс тауып отырады. Оған тіліміздегі шешендік сөздер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтел сияқты тілдік бірліктер дәлел бола алады.